

АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ  
НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

MAIN DIRECTIONS OF INNOVATIVE DEVELOPMENT OF THE  
AGRO-INDUSTRIAL COMPLEX

**Жұмабаева А.М.**  
**A.M. Dzhumabaeva**

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті*

**Аннотация** Мақалада агроөнеркәсіп кешенін инновациялық дамытудың негізгі бағыттарын және оның экономикалық тиімділігін арттыру жолдарын іздестіруге арналған зерттеулер көрсетілген. Ауыл шаруашылығы саласын тұрақты дамытуды жетілдіру бойынша инновациялық іс-шараларды жүзеге асыра отырып, әлемдегі бәсекелестікте өз орнына ие болу үшін, инвестицияларды тарту мен мемлекеттік қолдау қажет екені жазылған.

Қазіргі кезеңдегі ұлттық шаруашылықты қайта қалыптастырудың басты мәселелерінің бірі – экономиканың агроөнеркәсіп саласын тұрақтандыру және дамыту барысында индустриалды-инновациялық дамуға үлкен мән беру болып табылады. Осыған байланысты агроөнеркәсіп кешенін инновациялық дамыту және оның экономикалық тиімділігін арттыру жолдарын іздестіруге арналған зерттеулер ерекше өзектілікке ие. Агроөнеркәсіптік кешен ұлттық экономиканың маңызды секторының бірі. Оны дамыту үшін ұзақ мерзімді болжамдар мен бағдарламалар талдап жасалынуы тиіс. Елдің азық-түлік сферасындағы тәуелділігін кеміту мәселесі ұлттық қауіпсіздіктің жалпы концепциясы мен бағдарламасын жасауды қажетсінеді. Онда елдің азық-түлік қауіпсіздігі негізделіп, Қазақстанның әлемдік азық-түлік өндіру және бөлудегі орны анықталуы тиіс. Инновациялық үрдістер өзінің мәні бойынша ғылым мен өндірісті бейнелейді, техникалық, биологиялық және химиялық құралдар мен заттардың, технологиялар мен шаруашылықты жүргізу тәсілдерін үздіксіз қайта жаңалау, ауыл шаруашылық өндірісін агроклиматтық факторлар мен нарықтың талаптарына сай, тауар өнімдеріне әлемдік стандарттарды қолдану үшін жағдай жасайды. Бұның барлығы ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу өндірісінің интенсивтік дәрежесін көтеруге, инновацияны игерумен агроөнеркәсіп кешенінің барлық салаларында еңбек өнімділігін арттыруға және қосымша пайда алуға мүмкіндік береді.

Агроөнеркәсіп өндірісінде ең көп таралған инновация кәсіпорындарды басқару және ұйымдастыру, егін шаруашылығы, мал шаруашылығы, ветеринария, механизация, электрофикация және өндірісті автоматтандыру, ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу және сақтау болады.

Қазақстанның агроөнеркәсіп өндірісінде инновациялық үрдіс - жаңа немесе жақсарған ауыл шаруашылық өнімдері мен оның қайта өңделген өнімдерін, және шикізатты өңдеудің жаңа немесе жетілген технологиясын жетілдіру мақсатында ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер жүргізіліп, инновацияны құру және оларды өздерінің тікелей өндірісінде игеру бойынша нақты іс-шаралардың заңды және кезекпе-кезек жүргізілетін жүйесі.

Қазақстанның агроөнеркәсіп кешеніндегі инновациялық үрдістің ерекшелігі ретінде, өндірістің тарихи-дәстүрлі технологиясынан басқа, келесілерді айтуға болады:

- ауыл шаруашылық өнім түрлерінің әртүрлігі, технология түрінің және оны өндірістегі қолдану мерзімінің ұзақтық айырмашылығы;

- шаруашылық қызметті жүргізуде аймақтар арасында табиғи және экономикалық жағдайлар бойынша айырмашылығы, ауыл шаруашылығы өндірісінің аумақтық әртүрлі орналасуы мен бір-бірінен қашықтығы;

- ауыл шаруашылығының ғылыми-техникалық өнімді өндіруші ұйымдар мен мекемелерден оқшау болуы;

- ауыл шаруашылығы өндіріне ғылыми жетістіктерді ендірудің нақты ұйымдастырушылық-экономикалық тетігінің болмауы, инновацияны игерудің төмен қарқыны./1/

Келешекте ауыл шаруашылығы саласын тұрақты дамытуды жетілдіру бойынша инновациялық іс-шараларды жүзеге асыра отырып, өзіндік құны төмен, жоғары сапалы өнім өндіру арқылы ғана әлемде бәсекелестікте өз орнымызды ала отырып, төмендегі нәтижеге ие боламыз:

- техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі және олардың тиімділігі артады;

- зиянкестермен күрес жұмыстарын тиімді жүргізуге мүмкіндік береді;

- агротехникалық іс-шараларды жүргізгенде қуатты, өнімділігі жоғары техникаларды кеңінен пайдалану мүмкіндігін арттырады;

- минералды тыңайтқыштар жүйелі түрде пайдаланылады;

- өндірілген өнімді тиімді бағамен сатуға және нарықтық жағдайда бәсекелестігі жоғары өнім өндіруге ықпалы тиеді.

Бұл үшін ауыл шаруашылық саласында инвестиция тартудың тетіктерін жетілдіру бойынша мына бағыттар ұсынылады:

- ауыл шаруашылық саласына инвестиция тартуда ең алдымен аймақтық ерекшеліктерін зерттей отырып, ауыл шаруашылық құрылымдарын ірілендіруді ынталандыру мақсатында мемлекеттен берілетін жеңілдетілген несиелер, жанар-жағар май, субсидия беру тетіктерінің құқықтық базасын дайындау;

- аймақтардың ауыл шаруашылық саласына инвестиция тарту тетіктерін жетілдіру мақсатында шет елдердің тәжірибесін зерттеп, оны жүзеге асыру қажет.

Қазақстанда бес жылдық Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы жүзеге асырыла бастады. Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын іске асырудағы негізгі мақсаттардың бірі - экономиканың басты секторларын дамыту, яғни оның әртараптандырылуын қамтамасыз ету және бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады. Агроөнеркәсіп кешені Қазақстан экономикасының негізгі салаларының бірі. Сондықтан да индустрияландыру бағдарламасы аясында агроөнеркәсіп кешенінде 20-дан аса ірі жобаларды іске асыру қарастырылған. Соның ішінде 8 мал шаруашылығы кешендерінің, 2 құс фабрикасының, 3 жылыжайдың, 3 сүт-тауарлы фермаларының, 1 ет комбинатының, 1 нан өнімдерін өндіретін және мақтаның сорттық тұқымды материалдарын өндіретін зауыттардың құрылысын салу көзделіп отыр.

Сонымен қатар, мұнда инвестицияны ынталандыруға және технологиялық жетілдіруге, инновация мен аграрлық ғылымды дамытуға бағытталған мемлекеттік қолдау шаралары айқындалған. Аталмыш шараларды тиімді іске асыру үшін бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осының барлығы аграрлық саланың жағдайын түбегейлі жақсартып және еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін толығымен қамтамасыз етіп қана қоймай, агроөнеркәсіп кешенінің экспорттық қабілетінің барынша көтерілуіне жағдай жасайды. Мұндай аса үлкен шара - ел экономикасы үшін маңызы зор. Индустриалды-инновациялық даму сипатындағы ауыл шаруашылығы саласында жүзеге асырылатын мемлекеттік инвестиция көздері республикалық және жергілікті бюджет құралы, сол сияқты мемлекет бақылауындағы кәсіпорындар (ұлттық компания, мемлекеттік кәсіпорындар) арасынан индустриалды-инновациялық даму үшін интеллектуалдық және инфрақұрылымдық негізін құрайтын сала ғана қалуы қажет./2/

Жалпы бағдарламада агроөнеркәсіп кешенін индустриялық-инновациялық тұрғыдан дамытудың бірқатар маңызды тұстары айқындалып отыр. Мәселен, егін шаруашылығында

саланы әртараптандыру арқылы нарықта өтімді ауыл шаруашылығы өнімдері өндірістерінің көлемін ұлғайту, өндірісте қазіргі заманға сай ылғал қорын сақтау технологияларын енгізу, кең көлемде химияландыру, айналымға жаңа және қазіргі қолданыста жоқ суармалы жерлерді тарту көзделіп отыр.

Астық нарығындағы қалыптасқан жағдайды ескере отырып, биылғы жылы Бірыңғай астық экспорттық саясатын қалыптастыру бойынша жұмыстар да қайта жандандырылатын болады.

Мал шаруашылығында ең алдымен саланы өнеркәсіп негізіне көшіру арқылы ауыл шаруашылығы құрылымдарында өндіріс көлемдерін ұлғайту, асыл тұқымды базаларды дамыту, малдың генетикалық әлеуетін жоғарылату және осы мақсатта ғылыми негізде кең ауқымды селекцияландыруды жүзеге асыру жоспарланып отыр. Атап өтерлігі, республикамыздағы мал шаруашылығы саласы дамуының негізгі көрсеткіштері жыл өткен сайын жақсара түсуде. Мәселен, мал басы мен құстар саны, сондай-ақ мал шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемі жыл сайын өсіп келеді. Осының өзі сала тұрақтылығының дәлелі болып табылады. Соңғы кездері жыл сайын мал басының және құстардың саны орташа есеппен алғанда 3,8 пайызға, мал шаруашылығы өнімінің көлемі 3,5 пайызға өсті. Бұл мақсатта ірі жоғары технологиялық инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, яғни мал бордақылау кешендерін, тауарлы сүт фермаларын, құс фабрикаларын салу, мал сою және мал өнімін дайындау, қайта өңдеу және сақтау бойынша инфрақұрылымдарды қалыптастыру қарастырылуда. Демек, еліміздің халқын мал шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз ету және мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігіне қол жеткізу үшін тұрақты негіз қалыптасқан деуге болады./3/

Сапалы шикізат өндіру, қайта өңдеу кәсіпорындарын техникалық және технологиялық жағынан қайта жарақтандыру және оларды толық қуаттылығында жұмыс істеуі мәселелері шешіле отырып, ішкі нарықты отандық азық-түлікпен барынша қамтамасыз етуге қол жеткізу, әрі бәсекелестік ортадан импорттық өнімді ығыстыру – негізгі мақсаттардың бірі болып табылады. Мемлекеттік реттеу және қолдау шаралары да осы міндеттерді шешуге бағытталатын болады. Мысалы, сүт пен ет өндірушілері субсидияны өз өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарына өткізген жағдайда ғана алатын болады. Ал, қант қызылшасы мен майлы дақылдарға төленетін субсидия 2 кезеңмен беріледі. Алғашқы сомасы егіс жұмыстарын аяқтағаннан кейін, яғни әрбір гектарға, қалған бөлігі егін жинау науқанынан кейін, яғни қайта өңдеу кәсіпорындарына өткізілген өнімнің әрбір тоннасын есепке ала отырып берілетін болады.

Мұнан басқа, азық-түлік өнімдерін мемлекеттік сатып алу кезінде оларды тек қана отандық өндірушілерден сатып алуды қамтамасыз ету, ішкі нарықты әділетсіз бәсекелестіктен қорғау және де басқа мемлекеттік қолдау шаралары қабылданатын болады.

Сондай-ақ, қайта өңдеу саласын Ресей Федерациясы мен Беларус Республикасының деңгейіне жеткізу үшін мемлекеттік қолдау шараларын одан әрі күшейту жоспарлануда.

Ал мал шаруашылығы саласында жоғары тұқымды жануарларды импорттауға маңыз берілуде. Бұл ретте олардың генетикалық әлеуетін пайдалану арқылы да, жергілікті мал тұқымдарының тектік қорын жақсарту арқылы да малдың генетикалық әлеуетін арттыру проблемалары шешіліп жатыр. Осы мақсатта осы жылдан бастап ірі қара мал шаруашылығында кең ауқымды селекция бағдарламасы іске асырылып және 2015 жылға қарай асыл тұқымды малдың үлес салмағын қазіргі 4-5 пайыздан 14 пайызға дейін көтеру мемлекет тарапынан жоспарланған.

Субсидия алушылардың, ең алдымен өндірісті техникалық қайта жарақтандыру мен замануи технологияларға өтуге қызығушылықтарын тудыру үшін мемлекеттік қолдау шараларының ынталандырушы рөлі күшеюде. Осы ретте субсидиялардың сараланған нормативтері енгізілді, яғни өндірісті жаңартумен айналысатындар, қазіргі заманғы технологияларды қолдана білетіндер субсидияларды жоғарылатылған нормативтермен алады.

Жеміс шаруашылығы және жидек шаруашылығы салаларын дамыту мақсатында 2007-2009 жылдары республикалық бюджеттен жеміс дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпелерін отырғызуға 4,9 млрд. теңге бөлінді, мұның есебінен 7,6 мың гектар алқапта жеміс дақылдарының және 2,4 мың гектар алқапта жүзімнің көп жылдық екпелері отырғызылды. Осы жоспарлардың орындалуына республикалық бюджеттен 2,1 млрд. теңге көлемінде қаражат бөлінді./4/

Жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көп жылдық екпелерін отырғызуға және күтуге жеткілікті көлемде субсидия бөлінсе, 2019 жылға қарай жеміс пен жүзімге республиканың ұлттық тұтыну нормасы өз өндірісіміз есебінен қамтамасыз етіледі.

---

1. Н.Ә.Назарбаев, «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу. Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері», Президент және халық, №05, 5 ақпан 2010жыл;

2. Т.И.Есполов, Қ.М.Белгібаев, Ж.Ж.Сүлейменов, «Аграрлық экономика», Алматы, 2005ж.,125б.;

3. К.Елемесов «Мемлекеттік қолдау мен инвестициялық бағдарлама мал шаруашылығына бағытталуы тиіс», «Айқын», №186, 7 тамыз 2010ж.

4. Основные итоги развития агропромышленного комплекса и сельских территорий за 2009 год.«Министерство сельского хозяйства РК», Астана, 2010г.

\*\*\*

В статье рассмотрены основные направления инновационного развития агропромышленного комплекса и пути достижения его экономической эффективности. Для того чтобы занять достойное место в мировой конкуренции, исполняя инновационные мероприятия по развитию отрасли сельского хозяйства, а также нужна будет государственная поддержка и привлечения инвестиции.

\*\*\*

The article reviewed by main directions of innovative development of agro-industries and the ways to achieve its economic efficiency. In order to take a worthy place in the world competition in innovative activities for the promotion of agriculture, as well as the need for Government support and attract investment.

ӘОЖ 349.6

ВЕНЧУР - ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДАМУ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ  
ЖАҢАШЫЛДЫҚ ӨРЕКЕТІ  
VENTURE - INSTITUTES OF WHAT DEVELOP IN KAZAKHSTAN,  
ATTEMPT OF INNOVATION

**Закирова А.Т., Имранова Г.М., Каликов М.А.**  
**A.T. Zakirova, G.M. Imranova, M.A. Kalikov**

*Халықаралық бизнес университеті*

Венчурлық капитал (англ. Venture Capital) – инвесторлардың нарықтағы жаңа, өсу үстіндегі немесе бәсекелес кәсіпорындар мен фирмаларды қаржыландыруға арналған капиталы. «Ұлттық инновациялық қор» АҚ технологиялық инновациялық бизнеске қаржы салатын, қазақстандық және және шетелдік капиталы бар венчурлық инвестициялық институттарын құруға қатысатын тұңғыш қазақстандық Қор болып табылады. «Ұлттық инновациялық қор» АҚ мемлекеттік-жекеменшік әріптестік ұстанымдарына негізделіп, жергілікті инвесторлармен бірлесіп құрылған Қазақстанның отандық 4 венчурлық қорының әріптесі болып табылады: «Сентрас» венчурлық қоры, АИТИҚ» АҚ, «Delta Technology Fund» венчурлық қоры, АИТИҚ» АҚ, «Өрекет» Жоғары технологиялар Қоры»